

Былтыр СКО бойынша мемлекеттік кірістер департаменті 2016 жылмен салыстырғанда тексерістер санын 57 пайызға қысқартқан. Осылайша, 2900-дін орнына 1 мыңға тарта кәсіпкердің жұмысын қадағалапты. Алайда, одан салық пен өзге түсімдер мөлшері азайып қалған жоқ, керісінше, 8,1 млрд теңгеге артық жиналыпты.

Дегенмен, қарызды мерзімінде төлемейтіндермен жұмыс жүйелі жүргізіледі. Сондай-ақ, брифинг барысында мемлекеттік кірістер департаменті жанынан құрылған экономикалық тергеу қызметінің жұмысы жайлы айтылды. Олар мемлекет қаражатын заңсыз жұмқырып жүрген кәсіпорындарды анықтайды.

Данияр Жаналинов - СКО бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы:

- Былтыр өндірісте 157 қылмыстық іс болды. 41 пайызы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің заңсыз субсидия алуға қатысты.

Былтыр департамент жанындағы экономикалық тергеу қызметі заңсыз айналымнан 1 млн. 300 мың шөлмек алкогольдік сусын тәркілепті. Осы корсеткішпен облысымыз ел бойынша қоштын басына шықты. Сондай-ақ, онірімізде жалған ақша шығаратындар бар. Бүгінде осы іспен айналысты деген күдікпен астыртын цехтын қожайыны ұсталып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалған.

Дей тұрғанмен облысымызда адал жолмен кәсібін дөңгелетіп, сапалы онімдерін шетел нарығына шығарып жатқандар баршылық. Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметіне сүйенсек, былтыр облысымыздағы сыртқы тауар айналымы 24 пайызға ұлғайыпты.

Данияр Жаналинов - СКО бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы:

- 2017 жылы сыртқы тауар айналымының жалпы сомасы 400 АҚШ долларын

күрады. 81 пайызы – экспорт.

Қазіргі таңда фискалдық орган кедендік ресімдеу үрдістерін онтайландыруда. Нәтижесінде, шет елден тасылатын тауарды шекарада тексеру уақыты 1,5 сағаттан 19 минутқа дейін қысқарыпты.

Берік Касен